

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ: ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

Улымбетова Сабрина u.sabrina@icloud.com «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 2 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекші: Философия ғылымдарының докторы, профессор Бекежан Ө.Қ.

Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың философиялық көзқарастары талданады. Оның моральдық-этикалық ілімдері, білім мен ғылымға деген көзқарасы, қоғамдағы әділеттілік мәселелері, сондай-ақ өнер мен әдебиетке қосқан үлесі қарастырылады. Абайдың адам мен қоғам арасындағы үйлесімділік туралы ойлары қазіргі заман үшін де өзекті. Қазіргі еліміздің әділетті Қазақстан елін қалыптастыру идеясына да бұл үндес болып келеді. Ол өзінің «Он жетінші қара сөзінде»: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» – деп әділетті қоғам құру үшін адамның өзін жетілдіруі керек екенін айтады [1.87]. Абай Құнанбаев – қазақ халқының рухани көсемі, ағартушы, ақын және философ. Оның шығармашылығы тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының рухани дамуына ықпал еткен терең философиялық жүйе. Абай өз еңбектерінде адам мен қоғам мәселелерін кеңінен қарастырып, білімнің, еңбектің, әділеттіліктің және өнердің маңызын баса көрсеткен. Абайдың философиялық ойларының негіздерін мыналар құрайды: Моральдық философиясында Абай адам бойындағы ар-ұжданды, әділеттілікті, мейірімділікті жоғары қойды. Ол өзінің философиясында адамгершіліктің маңызын ерекше атап өтті. Абайдың «Толық адам» концепциясы осының дәлелі. Бұл концепцияның басты ерекшелігі – адамның өзін-өзі жетілдіруі, ізгілікке ұмтылуы. Сонымен қатар, Абай әділетті қоғам құру үшін әр адам рухани кемелденуі тиіс деген тұжырым жасады. Білім мен ғылымның рөлі жөнінде өзінің «қара сөздері» мен өлеңдерінде терең ойлар айта келе, Абай ғылым мен білімнің қоғам дамуына әсерін ерекше бағалаған. Ол өзінің «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде надандықтың адамды артқа тартатынын сынайды. Сондай-ақ, «Он жетінші қара сөзінде» ақыл, қайрат, жүректің үйлесімділігі туралы терең ой толғайды. Абайдың бұл көзқарастары қазіргі заманғы білім беру жүйесі үшін де маңызды. Оның ойынша, білімді адам ғана нағыз толыққанды азамат бола алады [1.76]. 262 Абай адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді терең талдап, халықты ізгілікке, кемелдікке шақырған ойшыл. Ол адам мінезінің кемшіліктерін сынап, әрбір жанды өз ісіне есеп беруге, рухани тазалыққа ұмтылуға үндеді. Мысалы, Алтыншы сөзінде Абай: Кеселді жалқау, қылжақбас, Әзір тамақ, әзір ас. Сыртың - пысық, ішің - нас, Артын ойлап ұялмас –деп [2.56], жалқаулық пен ар-ұяттан безінуді қатты сынайды. Адам өмірінің мәнін түсінбей, тек күнкөрістің қамын ойлап жүрген жанның ғұмыры мәнсіз. Бұл сөздер де қазіргі жастар мен балалар үшін маңызды болып тұр. Өкінішке орай замандастар арасында ертеңге нақты бір жоспары не жақсы білім немесе мамандық алуға талпынысы жоқ адамдарды кездестіруге болады. Биылғы жылды Президент жұмысшы мамандығы жылы деп жариялап, жастарға кәсіби мамандық алудың ел болашағы үшін маңызын айтқан болатын. Бір жағынан Абай айтқан сыни көзқарасты жөнге салудың, жастарды еңбекке баулудың жаңа мүмкіндіктері ашылып отыр. Оныншы сөзінде Абай қазақтың Құдайдан бала сұрайтынын сөз етеді. Алайда, ол бұл тілектің астарында рухани құндылықтан гөрі, материалдық мүдде басым екенін айтады: «Бала – артта із қалдыру үшін, дүние-мүлікті иемденіп, өлген соң құран оқысын деп сұралады». Бірақ, адам жақсы болса, артында қалған халқы да оған дұға қылмай ма? Ал, егер жаман болсаң, балаңның оқыған құраны саған не пайда? Бұл – Абайдың терең философиялық сұрағы еді, ол сұрақ әлі де маңызды. Бұл сұрақ тәрбиелік жағынан,

педагогикалық тұрғыдан да күн тәртібінде тұр. Абай – қазақ халқының көзін ашқан, ой-санасын оятқан тұлға. Ол халықты еңбекқорлыққа, адалдыққа, әділетке шақырды. Он төртінші сөзінде жүректі, батыл адам туралы айтады. Оның пайымдауынша, жүрек – адамның ең басты қасиеті. Жүрек таза болмаса, ақыл да, қайрат та өз орнын таба алмайды[1.98]. Жиырма үшінші сөзінде адамдардың бір-бірін сырттай ғайбаттайтынын, өзінен өзгелерді кем көруге бейім екенін сынға алады. Қазақ өзін өзгелерден жоғары санап, ноғайды да, орысты да жаман деп, өзге халықтарды менсінбейтінін айтады. Ол бала кезінде осыған сеніп, қазақтан асқан мықты халық жоқ деп ойлағанын, есейе келе бұл түсінігінің қате екенін ұққанын жазады. Бұл ой Екінші сөзінде де көрініс тапқан. Абай қазақтың өз кемшілігін көрмей, өзгелерді кінәлайтынын, өзін ақылды санағанымен, іс жүзінде білім мен мәдениеттен кенже қалғанын шынайы түрде көрсетеді. Оның өлеңдері де осы ойлармен астасып жатыр. Ол адамдық қасиетті бірінші орынға қойып, надандық, жалқаулық, көрсеқызарлық, мақтаншақтық сияқты жаман мінездерді қатты сынады. Абай шығармалары халыққа ой салу үшін жазылған, оның әрбір сөзі – өнеге, ұлағат. Абайдың өлеңдері рухани жаңғыру, білім, ғылым, махаббат туралы терең ойларға толы. Міне, сол тақырыптарға сай бірнеше үзінді: Рухани жаңғыру, даму туралы: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. Мені мен менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес»-дейді. [1.87]. Бұл өлеңінде Абай адам жаны өлмейтінін, оның рухани мұрасы, артында қалдырған ізгі ісі өмір сүре беретінін айтады. Білім, ғылым туралы: Ғылым таппай мақтанба 263 Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге[1.87]. Абай бұл өлеңінде адамды надандықтан құтқаратын, елге пайда әкелетін ең үлкен құрал – білім екенін айтады. Ол жастарды ғылымға ұмтылып, пайдалы іспен айналысуға шақырады. Махаббат туралы: Желсіз түнде жарық ай Желсіз түнде жарық ай, Сәулесі суда дірілдеп. Ауылдың жаны терең сай, Тасыған өзен гүрілдеп. [1.87]. Бұл өлеңінде Абай табиғат көрінісі арқылы махаббаттың нәзік сезімдерін бейнелейді. Түнгі табиғаттың сұлулығы мен ғашықтық сезімі астасып, ерекше романтикалық әсер береді. Абайдың әрбір өлеңі – терең мағынаға ие, ол тек бір тақырыпты емес, адам өмірінің бар қырын қамтып, жан-жақты ой салатын шығармалар қалдырған. Абай өз заманының әлеуметтік мәселелерін терең түсініп, оларды өзінің шығармаларында ашық сынаған. Ол қоғамдағы әділетсіздікті, рушылдықты, паракорлықты сынап, әр адам әділдікке ұмтылуы керек деген тұжырым жасайды. Бұл идеялар бүгінгі Қазақстан қоғамында да өзекті. Өзінің әлеуметтік философиясында Абай қазақ халқының қоғамдық дамуына ерекше көңіл бөлді. Оның еңбектерінде әлеуметтік әділетсіздік, білімсіздік, жалқаулық мәселелері терең қозғалады. Ол өз халқын ілгерілету үшін ғылым мен өнерге бет бұру қажеттігін айтты. Абайдың көзқарастары бүгінгі таңда да маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Абай қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерін терең түсініп, оны өз шығармаларында ашық сынады. Оның көзқарастары халықтың рухани жаңғыруы мен білім алуына бағытталған. Өз ұлтының жанашыры хәкім Абай ел ішіндегі алауыздықты, бай мен кедей арасындағы, әйел мен ер арасындағы теңсіздікті жойғысы келіп, өз шығармаларында халыққа ашып, басып айтты. Мысалы: “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” өлеңінде Абай қазақ халқының ішіндегі алуыздығы, бір-бірін көре алмай, аяқтан шалуы туралы айтады. «Бірі қан, бірі май боп, енді екі ұртын»-деген үзінді жолдарынан ақынның іштегі мұңын көруге болады, бір ұлт, бір ел бола тұра өзімізді өзіміз құлатсақ, “Қазақ” ұлты қалай дамиды, қалай алға жылжимыз?. «Көрсеқызар келеді байлауы жок, Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың»- бұл жолдар жұрттың ең жаман қасиеттерінің бірі көрсеқызарлық екенін айтып тұр. Абай осындай жаман қасиеттерден бойымызды алыс ұстап, жақсы қасиеттерді дарығанымызды қалады. Бас-басына би болған өңкей қықым, Мінеки, бұзған жоқпа елдің сиқын?- бұл жолдар арқылы ақын өзін ғана ойлап қалған, елге,

жерге пайдасы жоқ жоғары топ өкілдерін көрсетіп тұр. Абайдың билер, болыстар жайлы жазған әлеуметтік-психологиялық өлеңдері де жетерлік. Мысалы, айта кетсек «Болыс болдым минеки», «Бай сейілді» және тағы басқа сол секілді өлеңдері осы бағытта жазылған еді. Ол бала күнінен әділетсіз билерді көріп, өзі халық жанашыры болуды таңдады. Құнанбай ұлының әкесінің дара жолын жалғастырғанын қалағанымен, Абай өз жүрегін тыңдап, өз жолын тапты. Дәл осы себептен әке мен ұлының арасында келіспеушіліктер болды. Бірақ бәрібір Құнанбай іштей баласын мақтан тұтты, Абайдың ұлы ақын болуы да әкесінің арқасында еді. Оның алғаш білімге құштарлығын ашып, оқуға жіберген әкесі болатын. 264 Абайдың пайымдауынша, қоғамдағы әділетсіздік, надандық, жалқаулық – мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін негізгі факторлар. Ол әрбір адамның өзін-өзі жетілдіруі арқылы қоғамды өзгертуге болатынын айтты. Абайдың әлеуметтік философиясының негізгі бағыттары: Білім мен ғылымның қоғамдағы рөлін көрсете отырып Абай ғылым мен білімсіз қоғам дамымайды деп санады. Ол «Білімдіден шыққан сөз» атты өлеңінде де білімнің маңызын атап өткен. Негізі нағыз бақыт адам баласына ақшамен, киіммен емес оның өмір бойы алған білімімен келеді. Абай қазақ ұлтының, қазақ жастарының білімді болғанын қалады, осы үшін аянбай еңбек етіп, артына өшпестей із қалдырды. Оның қара сөздеріде, өлеңдері де біздіңөшпесмұрамыз! Теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күрес тұрғысынан Абай өзінің шығармаларында әлеуметтік теңсіздікті сынайды. Ол кедей мен байдың арасындағы айырмашылықты тек еңбек пен білім арқылы жоюға болатынын атап өтті. Қазақ халқының рухани жаңғыруы идеясы жағынан Абай халқына еріншектіктен арылып, өнер-білімге ұмтылу керектігін үйретті. Жауапкершілік пен еңбекқорлық– Абай еңбекті адамды кемелдендіретін басты құрал ретінде қарастырды. Абайдың осы ойлары бүгінгі күнде де өзекті. Қазақстанның әлеуметтік дамуында оның идеялары маңызды рөл атқарады, әсіресе білім беру және әділетті қоғам құру салаларында. Абайдың ерекше ден қойған зерттеуі-өнер мен әдебиет философиясы болды. Абай өнер мен әдебиетті тек эстетикалық құрал емес, адамды тәрбиелейтін маңызды рухани күш ретінде қарастырды. Ол қазақ әдебиетіне жаңа стиль мен жанрлық ерекшеліктер енгізіп, ұлттық әдебиеттің дамуына үлкен үлес қосты. Абайдың поэзиясы мен әндері оның рухани мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Оның «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы», «Әсемпаз болма әрнеге», «Құлақтан кіріп бойды алар» сынды өлеңдері қазақ әдебиетінің шоқтығы биік шығармаларының бірі десек қате айтпаймыз. Абай қазақ әдебиетіне үлкен жаңалықтар әкелген ақын әрі философ ретінде танылды. Оның шығармалары ұлттық әдебиеттің дамуына орасан зор ықпал етті. Ол поэзия мен музыканы халықтың рухани дамуының құралы ретінде пайдаланды. Абай шығармаларында адамгершілік, әділеттілік, білім мен ғылым тақырыптары кеңінен қамтылған. Абайдың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі зор болды. Қазақ әдебиетіне жаңа жанрлар енгізуі – Абай лирикалық, философиялық, әлеуметтік тақырыптарда өлеңдер жазып, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерді. Абайдың тағы бір ерекше қыры-орыс және Батыс әдебиетін аударуы болды. Абай Пушкин, Лермонтов, Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиетті жаңа бағытқа бағыттады. Ұлы ақынның ұлтымыздың рухани дамуына қосқан үлесінің бірі оның музыкалық мұрасы еді. Абай қазақ музыкасын дамытып, халыққа эстетикалық тәрбие берді. Оның «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Абайдың әдебиет пен өнерге қатысты көзқарастары қазақ мәдениетінің дамуына үлкен ықпал етті. Оның шығармалары – халықтың рухани байлығы мен ұлттық санасын қалыптастырудың маңызды факторы. Абай философиясының біз үшін маңызды қырының бірі - оның көзқарастарының қазіргі заманмен байланысы. Абайдың философиялық идеялары бүгінгі күні де өзекті. Қазіргі қоғамның басты мәселелері – білім сапасы, рухани құндылықтардың төмендеуі, әлеуметтік әділетсіздік – Абай заманында да

болған. Бірақ оның ойлары бұл проблемаларды шешудің жолдарын ұсынады. Абайдың философиялық идеялары бүгінгі күні де өзекті. Қазіргі қоғамның басты мәселелері – білім сапасы, рухани құндылықтардың төмендеуі, әлеуметтік әділетсіздік – Абай заманында да болған. Бірақ оның ойлары бұл проблемаларды шешудің жолдарын ұсынады. Абай философиясының қазіргі заманға әсері. Абайдың идеялары 265 Қазақстанның рухани жаңғыру және әділетті Қазақстан құру бағдарламасымен тығыз байланысты. Ол ұлттық бірегейлікті сақтауды және білімге ұмтылуды насихаттайды. Қазіргі білім беру жүйесіне келер болсақ, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген қағидасы қазіргі заманғы оқыту жүйесінде өзекті болып отыр. Жастардың білімге құштарлығы – қоғам дамуының басты факторы. Тәуелсіз Қазақстанның даму стратегиясы – Мемлекет саясатының басты мақсаты – әділетті қоғам құру, Абайдың идеяларымен үндеседі. Абай философиясы – қазақ халқының рухани жаңғыруының негізгі бағыттарының бірі. Оның ой-тұжырымдары тек өз заманы үшін ғана емес, бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін де маңызды. Абайдың әділеттілік, білім, еңбек және адамгершілік туралы идеялары қазіргі қоғам үшін құнды бағдар болып табылады. Абайдың еңбектері арқылы біз ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді тереңірек түсініп, оларды заманауи талаптарға бейімдей аламыз. Ол көтерген әлеуметтік әділетсіздік, білімнің маңыздылығы, еңбектің адамды кемелдендіретіні сияқты мәселелер ХХІ ғасырда да өзекті. Бүгінде Қазақстанның рухани дамуы мен ұлттық санасының қалыптасуында Абай мұрасының рөлі ерекше. Оның шығармашылығы мен философиясы арқылы біз елімізді дамудың жаңа белестеріне көтере аламыз. Сондықтан Абайдың ой-пікірлері – тек өткеннің емес, болашақтың да шамшырағы болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Абай Құнанбаев. Қара сөздер. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2018. 2. Әуезов, М. Абай жолы (I–IV том). – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2015. 3. Абай Құнанбаев. “Өлең-сөздің патшасы...”, Алматы “Жібек Жолы”, 2005. 4. Бекежан Ө. Қ. Абай мұрасы және рухани жаңғыру Қазақтың Ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Абай танымындағы Адамзат және Жаратылыс концепциясы» халықаралық on-line (вебинар) семинардың материалдары - Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2020, - 123 б.